



Газет 1948 ж.  
20 сәуірінен  
шыға бастады

# Қазақ университеті

№ 5  
(1278)  
мамыр  
1999 жыл

## Абитуриент-99

Мамырдың 3-де  
ҚазМУ-ге абитуриенттер  
қабылдау басталды.

Мамырдың 23-де  
алғашқы емтихан  
тапсырған 800-ге жуық  
талапкердің 90 пайызы  
студенттік өмірге жолдама  
алды.

*Жош келіпсің,  
арман жүзін  
жас әркен!*



Профессор  
Шәлекенов У.Х.

*Мерейтойлар  
салтанатыман*

2-бетте



Профессор  
Сағындықов Б.

*Темірғали  
Көпбаев  
Америкадан  
оралды.*



3-бетте



2-бетте

*Жаныкда  
жур  
тажсы  
адам*



*Мектепке  
қаян-қалтық  
араласар  
мезгіл  
жетті*

6-бетте



*Жапон  
тілінің  
жүйрігі*



7-бетте



10-бет

*Ондай  
болмақ  
қайда  
деп...*

### Келесі сәнда:

ҚазМУ-ге  
абитуриенттер  
қабылдау  
Ережесі.  
Емтихан  
барысы.

ҚазМУ  
факультеттері  
туралы  
мәліметтер.  
Декандармен  
жүздесу.

Абитуриенттер  
мен  
студенттер  
сөйлейді

Темірғали  
Көпбаев:  
"Америка  
студенттері  
салауатты  
келеді..."



Ақпарат-айдын

## Мерейтойлар



Мамырдың 21-күні тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР гуманитарлық Академиясының академигі, Қазақстан біліміне, Қарақалпақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер **ШӘЛЕКЕНОВ УАХИТ ХАМЗАҰЛЫНЫҢ** туғанына 75 жыл, ғылыми-ұстаздық және қоғамдық қызмет атқарғанына 57 жыл толуына орай ғылыми мәжіліс өтті.

Онда ҚазМУ-дің ректоры К.Н.Нәрібаев кіріспе сөз сөйлеп, тарихшы-ғалымдар К.А.Ақышев, Ә.Т.Төлеубаев және басқалар замандас туралы сырларын ортаға салды.



Мамырдың 24-інде Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымының докторы, Қазақстан журналистер одағының мүшесі **БЕРІКБАЙ САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ** 60 жасқа толуына арналған салтанатты мәжіліс **М.О.Әуезов атындағы аудиторияда** өтті.

Профессорлар Ж.Дәдебаев, М.Серғалиев, С.Мырзабекұлы және басқа да ұстаздар мен шәкірттер мерейтой иесінің өнегелі өнері туралы әңгіме қозғап, жүрекжарды тілектерін білдірді.

Мамырдың  
17-інде II-семестр  
сессиясы басталды.

## Халықаралық конференция

Мамырдың 17-18-інде шығыстану факультетінде "Шығыс елдерінің өтпелі кезеңдегі мәдени және тарихи процесстері" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

"Шығыс елдерінің тілі мен әдебиеті", "Шығыс елдерінің тарихы, саясаты және экономикасы", "Шығыс елдерінің философиясы, діні және мәдениеті" деген тақырыптар бойынша Түркия, Египет, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстанның өртенуіне қатысты талқылаулар өтті. Түркі тілдік топтарынан келген ғалымдар өз ойларын ортаға салды да, шығыстану білімінің мәселелері төңірегінде дөңгелек стол басында келелі әңгіме қозғады.

Жанында жүр жақсы адам



Мамырдың 21-інде Мемлекеттік "Дарын" жастар сыйлығының лауреаты, филология ғылымының кандидаты **Бауыржан Өміржанұлы Жақып жыр сүйер қауыммен жүздесті.**

Ғылыми кітапхана ұйымдастырған бұл кездесуде танымал таланттар мен талапкер ақындар Бауыржан туралы ыстық лебіздерін айтып, жалынды жырларын оқыды.

## Поэзия көктемі

Мамырдың 19-ында Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары студенттері арасында дәстүрлі "Поэзия көктемі" атты жыр мүшәйрасы Қазақстан жазушылар одағында өтті. Оған біздің университеттің жас таланттары да қатысты.

Жазылған жайдан жаңғырық

## "Бочканың" бәлесі

(А.Каргалинова. "Чертова-дюжина опять подвела".  
"Қазақ университеті", №4, сәуір, 1999.).

"Қазақ университетінің" сәуірдегі санында А.Каргалинованың "Чертова-дюжина опять подвела" атты мақаласы жарық көрді. "Тас түскен жеріне ауыр" дегендей "эмоцияға" берілген автордың кішігірім азат жолы жанды жерімізге тиіп кетті. Онда: "А в №5 и №7 общежитиях живая реформа, хочешь помыться - 10 тенге на "бочку". Хорошо, что еще оплата на зависит от настроения доллара, а то прошлось бы мыться нашим студентам от стипендии к стипендии" деген жолдардың ақ-қарасын тексермей жатып, проректор Қ.Баймырзаев екі жатақхананың меңгерушілеріне "қатаң сөгіс" мөрі соғып берді. Автор жатақхана меңгерушілерімен, студенттік кеңес мүшелерімен жүздеспеген, анық-қанығына жетпеген. Сондықтан да "бочкадан" түскен ақша коменданттың қалтасына түсіп жатыр деген ой амалсыз туындаған.

"10 теңге" қиялдан тумаған. Осы оқу жылының басында өткен жиналыста студенттердің ұсыныстары бойынша қабылданған баға. Қарсы пікір болмаған. Арнайы суға түсу кестесі бар. №5 жатақхана түскен ақшаның 50 пайызын "бочканы" жуған адамға берсе, №7 жатақхана тазалаған адамға әрі тазалыққа қажетті заттарға жіберетін. Бұған Н.Орынбайқызы мен Г.Ерболатқызының түк қатыстары жоқ. Басқаратын студ.кеңес мүшелері, автор оны ескермеген. Комендантымыздың ұйымдастыруымен жатақханада өткен күзгі балл, 1 курс студенттерін құттықтау кеші, Жаңа жыл, 8-наурыз, Ұлыстың ұлы күні мерекелеріне көңіл аудармаған. Сыңайтын нысана табылып жатса, кемшілікпен бірге жақсы жағын да жеткізген дұрыс шығар:

№7 жатақхананың студ.кеңес мүшелері:  
Гумаров Р., Бектілеуов М., Байтұрған Д.

# Как получить грант?

Маншук МУКАШЕВА, зам. декана факультета журналистики.

Практически ежедневно перед нами встает вопрос финансирования: где брать деньги на научные исследования, подготовку и выпуск учебно-методической литературы, для участия в научных конференциях и симпозиумах? На государство, которое не успевает латать бюджет, надежды никакой. Но выход, оказывается, есть. Показать его, дать представление о грантах, стипендиях, которые вполне реально могут получить преподаватели нашего вуза - стало главной целью семинара, организованного профкомом КазГУ им. аль-Фараби. В течении нескольких дней председатель профсоюзного комитета, доцент Л.С.Ахметова знакомила слушателей с теми программами, которые предлагают различные международные и общественные организации по поддержке проектов на территории стран СНГ. Все присутствующие с интересом узнавали, что их число в настоящее время

постоянно расширяется. Но получить поддержку всего проекта довольно сложно: нужно верно и убедительно составить заявку на грант. Как объяснила Ляйля Сейсембековна, существуют определенные критерии, определяющие важность и актуальность любого проекта.

Занятия на семинаре проходили в атмосфере конструктивного диалога, когда вся аудитория забыв об условностях, разрабатывала проекты, писала заявки, которые потом активно обсуждались, отбирались самые лучшие, указывались недостатки. В ходе семинара общими усилиями были найдены многие оптимальные решения, которые вполне можно использовать в практической деятельности.

Самое главное - наши коллеги осознали, что в настоящее время имеется много возможностей для реализации своих творческих планов, но для этого необходима личная

заинтересованность, умение заинтересовать своей работой, убедить в ее необходимости.

В ходе семинара "Составление проекта" преподаватели факультета журналистики ознакомились с правилами финансовых отчетов перед организациями - донорами, что является немаловажной частью при предоставлении финансовой помощи.

По окончании семинара все участники получили сертификаты. Мероприятие было организовано при поддержке руководства факультета журналистики, обеспечившего все условия для занятий. Слушатели получили богатый раздаточный материал, который можно использовать на практике. Думается, данное начинание будет поддержано и на других факультетах: всем необходимо учиться выживать в новых условиях.

## "Чужие" среди своих

Назым ЕСКУАТОВА, студентка 3-курса журфака.

Порой мы, "местные студенты", совсем не задумываемся над тем, что рядом с нами учатся "чужие", однокурсники, которые приехали из других стран. А в действительности, каково им учиться у нас, какие у них проблемы?

С целью узнать об этом, я обратилась к своим однокурсникам, приехавшим из Турции:

**- Какие трудности вы испытываете в процессе обучения?**

**Хусейн Арслан:** - Прежде всего было трудно усвоить разговорную речь. Перед нами постоянно стоял как непреступная крепость, языковой барьер. Выучить слова по словарю очень трудно, автоматически они не запоминаются. Лучше запоминать на слух.

**Мухаммад Ашар:** - А для меня трудно записывать лекции. Преподаватели читают очень быстро и потому зачастую не успеваю.

**- Что вы делаете для легкого усвоения знаний?**

**Хусейн Арслан:** - Ходим к друзьям, разговариваем с ними на казахском и русском языках, бывает они объясняют то, что было прочитано на лекциях.

**Мухаммад Ашар:** - Смотрим телевизор, слушаем радио. Стараемся читать газеты.

**- Бывают ли для вас радостные моменты во время учебы?**

**Хусейн Арслан:** - Да мы радуемся от ощущения получения новых знаний, когда начинаем наконец понимать преподавателя.

**Мухаммад Ашар:** - И еще у меня на душе становится тепло от мысли, что в будущем стану журналистом, владеющим иностранным языком и что смогу собирать информацию как для средств массовой информации Турции, так и Казахстана.

Радует то, что наши однокурсники-иностранцы смотрят в будущее оптимистично. А нам остается помогать им по мере своих сил и желать успехов.

Ассалаумағалейкум!



Филология ғылымдарының кандидаты Темірғали Мұратбекұлы КӨПБАЕВ Американың Оклохома мемлекеттік университеті жанындағы журналистика мектебінде тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша бір семестр жұмыс істеп қайтты.

Ол электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының интернеттегі орыны мен маңызы және журналистік білім берудің жетілген әдістері туралы ғылыми зерттеулер жасап, Лас Вегас қаласында өткен Хабар тарату жөніндегі халықаралық Ассоциациясының 44-конференциясына қатысты.

Америка әсерлері жайындағы материалды газетіміздің келесі санынан оқисыздар.



# Пусть крепнет связь поколений

Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА,

*По инициативе  
Союза женщин КазГУ  
и его председателя  
Майи Михайловны  
Багизбаевой  
и под эгидой  
"Года единства  
и преемности  
поколений"  
прошла  
в университете  
встреча  
с женщинами  
-ветеранами.*

На встречу пришли такие известные женщины - гордость нации и страны: народная артистка Казахстана, Герой Социалистического труда Бибигуль Тулегенова, дочери Каныша Сатпаева, выдающегося ученого, сами тоже известные ученые: Ханиса Канышевна Сатпаева - доктор геолого-минералогических наук, профессор, директор глазного института, сопредседатель Комитета по делам

женщин при областном акимате.

На встрече также были: представители городского акимата - исполнительный директор детского городского отделения "Бобек" - Дарья Абикуловна Саркытпаева, также Гульжан Тастанбековна Атакулова Катипа Каскыровна Молдабаева.

Также присутствовали женщины-ветераны КазГУ.

М.М.Багизбаева, выступившая с приветственным словом сказала, что в укреплении единства поколений и также связующую роль в первую очередь играют женщины и что в этом, несомненно, большую работу провели присутствующие в зале ветераны.

Ханиса Канышевна Сатпаева, поблагодарив за поздравление, сказала:

- Преемственность поколений - большое дело. И мы рады, что эта великая связь времен и поколений продолжается.

Ее мысли продолжила Жанар Габиденовна Мустафина:

- Я рада, что росла рядом с истинными гигантами: Сатпаевым, Ауэзовым, Мусреповым и я осознаю преемственность поколений всем своим существом. И мы теперь в ответе за то, какой дорогой идем, какие ценности важны для подрастающего поколения.

- Такие встречи действительно цементируют взаимоотношения поколений, казахскому народу так необходима сплоченность - сказала народная артистка Бибигуль Тулегенова.

Старший преподаватель кафедры иностранного языка КазГУ Сусанна Петровна Еникеева - одна из почетных ветеранов прочитала свои стихи:

*Когда почувствуете усталость,  
И вдруг покажется, что все уже  
ушло,*

*Что сил для жизни не осталось,  
Что время радости прошло.*

*Ты вспомни, что на дивном,  
дальнем берегу,*

*Твоя мечта осталась.*

В завершении интересной встречи, сопровождавшейся выступлениями национального ансамбля факультета журналистики группы фольклорной песни филологического факультета "Друженька" Майя Михайловна Багизбаева пожелала гостям:

- Низкий поклон нашим женщинам на плечах которых держится очаг и целый мир!

КазМУ гимараттары


Ұстаз шәкірт көзімен

## Педагогическая поэма

Жанна КЕРИМБЕКОВА.

Так каким же должен быть лектор, чтобы заключить репутацию, славу, признание, звание (назовите как хотите) "МИРОВОГО ПРЕПОДА?" "Главное, чтобы человек был хороший", - уверенно ответят одни. И будут правы. "Чтобы знал, уважал и любил свой предмет", - возразят вторые. И тоже будут правы. У третьих же угодность или неугодность преподавателя определяет личный рейтинг студентов. Что в общем-то объяснимо: все мы люди со своими возможностями и амбициями.

На мой взгляд, во многом самовыражение студента зависит от преподавателя, от того, насколько последний заинтересован в раскрытии творческого потенциала, скрытых возможностей учащихся. Конечно, трудно говорить об индивидуальном подходе к каждому студенту в условиях проведения лекции для 80 человек, но факт остается фактом: анонимная аудитория порой так и остается в глазах преподавателя однородной массой. А отсутствие взаимобратной связи отнюдь не способствует пробуждению интереса к науке. Не обязательно быть учеником и последователем Макаренки, чтобы претворять в жизнь основы "Педагогической поэмы". Ведь, в конце концов, что такое педагогика, как не проявление таких человеческих качеств, как доброжелательность, уважение к людям и готовность выслушать и понять точку зрения, отличную от своей.



Ректорат.  
1970-1983 жылдары салынды.

## Қытай маманының Қ.И.Сәтбаев туралы естелігі

Сейіт Ахмерұлы ҚУСАЙЫНОВ 1954 жылы ҚазМУ-дің геология-география факультетінің студенті қатарына қабылданып, 3-курсан Пекин университетіне СССР (КСРО) жоғары білім министрлігінен жіберілді. 1961 жылы аталған университеттің толық курсың бітіріп, Қытай тілінде география пәнінен диплом қорғаған алғашқы қазақ мамандарының бірі болатын. Елімізге қайта оралған соң Сейіт Ахмерұлы ғылыми зерттеулерін ҚазССР ҒА-ның Қ.И.Сәтбаев атындағы геология институтынан бастады. Мұнда көптеген ғылыми экспедициялар құрамында Қазақстанның әр түрлі региондарына геология-геоморфологиялық зерттеулер жүргізді. 1978 жылдан бүгінге дейін Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің география факультетінде ұстаздық қызмет атқарып жүр.

Сонымен қатар Қытай ғалымдарымен ғылыми байланысын осы уақытқа дейін жалғастыруда. 1988 жылы Қ.И.Сәтбаевтың 90 жылдығына орай С.А.Құсайыновқа Қытай әріптесінен хат келді. Хат иесі Чжоу Чаофань 1957 жылдан бастап Қ.И.Сәтбаевпен достық қарым-қатынаста болған екен. Хатта былай деп жазылған:

“1957 жылдың күзінде Қазақстан Ғылым Академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ғылыми делегация өкілдері құрамында Пекин қаласында Қытайдағы пайдалы қазбалардың кен орнын іздестіру жөніндегі І-геологиялық жиналысқа қатысқан. Сол жиында ол Қазақстандағы геологиялық карта жасау жөніндегі қортынды және оның келешегі туралы баяндама жасады. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстанның кең байтақ жерлерінде карталардың масштабын үлкейтумен қатар жоспарлы геологиялық бақылаулар жүргізілді. Қ.И.Сәтбаевтың баяндамасын Қытай мамандары зор ынтамен тыңдады, өйткені сол кезде бұл елде жалғыз ғана 1:3 000 000 масштабты геологиялық карта болатын. Осы жиналыстан кейін Қытай геология Министрлігі Совет Одағынан үлкен масштабты геология іздестіру-анықтау жұмыстары жөнінде кеңес ала бастады.

Мен ол кезде Сәтбаевтың жеке аудармашысы бола тұрып, геологиядағы оның жаңашылдық әдіске көп мән беріп жұмыс істейтініне таң қалдым. Совет Одағының адам, материалдық және финан ресурстарына сүйене отырып, Сәтбаев елдің геологиялық барлау ісіне,

әсіресе бұл саладағы алғашқы орындардағы Англия, АҚШ және басқа да капиталистік елдерді басып озып, халықаралық деңгейге көтерді.

Маған Сәтбаевпен жұмыс істеу өте қызық болды, мен оған жиі-жиі сурақтар қоятынмын. Менің сурақтарыма жауап бере отырып, ол менің жұмысым, оқуым, тұрмыс жағдайыма үлкен мән беретін. Жиналыс аяқталғаннан кейін біз Шанхайға экскурсияға аттандық. Бізбен бірге басқа да Совет, Қытай азаматтары - он шақты адам болды. Жол бойы Сәтбаев тамаққа, баспанаға онша мән бермеді, ол өте қарапайым, мінез-құлқы өте жұмсақ, сыйпайы алам еді. Жайбарақат әңгімелесу кезінде ол мені өз қызына ұқсататынын айтты. Сол кезде онымен бірге жүрген Өзбекстан Ғылым Академиясының президенті Х.М.Абдуллаев оған мені қыз етіп асырап алу туралы кеңес береді, бұған Сәтбаев: “өте жақсы” деп жауап қайырды. Сонан соң біз көше қылдырып, дүкендерді араладық. Қытайдағы салт бойынша жас адамдар үлкендердің жүктерін көтеруге көмектеседі, мен де Сәтбаевтың чемоданын көтерісуге ұсыныс жасадым. Бұған ол, Совет Одағында әйел адамдардың ауыр зат көтермейтінін ескертті. Біз осылай, тамаша қарым-

қатынаста, сыйластықпен өмір сүрдік. Сол кездері ол 60 жасқа толып қалған еді, бірақ оның денсаулығы мықты және еңбеккер болатын. Оның азаматтығы, жоғары адамгершілігі және сүйкімділігі менің бар өміріме өшпес із қалдырды.

Құсайынов мырза, менің Сәтбаевтың 90 жылдық тойына қатысқым келеді. Шақырсаңыздар, мен ертерек Пекинге барып, бар материалдарды жинастырып, өзіммен бірге ала барар едім.

Сәтбаевпен кездесіп, араласқан адамдар Пекинде әлі тұрады, Уханьда институттың көшуіне байланысты (1975 ж.) ескі материалдар қалған жоқ, ол үшін Пекинге бару керек. Есімде, Геология министрлігі маған сол кездің документтері мен фотографияларын ретке келтіруді тапсырған болатын. Өкінішке орай, Уханьда менде ешбір фотография сақталмапты, “мәдени революция” кезінде көптеген материалдар (ішінде фотографиялар да бар) жоқ болыпты, дегенмен Пекиннен әлі де табуға болады.

Мен бүкіл өмірімді Совет Одағы мен Қытай арасындағы достықты нығайтуға арнадым. Көптеген совет профессорларымен және геолог-ғалымдарымен таныс болдым. Қытай геологиялық қоғамы үшін көптеген кітаптар аудардым. Осы еңбектерім үшін мен Бүкілқытай геологиялық қоғамының мүшесі болдым, көптеген геологиялық кеңестерге қатыстым, совет профессорларына лекция оқу барысында аудармашы болдым. Орыс тілінен қытай тіліне ондаған кітаптар аудардым және көптеген мерзімдік басылымдарда аудармаларым жарық көрді. Сонымен қатар көп жылдар бойы орыс тілінен сабақ беремін. Қазіргі кезде Қытай-Совет достығын қалпына келтіру ісіне бар күшімді салудамын.

Чжоу Чаофань,

Қытай геологиялық университетінің шетел тілдері кафедрасының доценті, Бүкілқытай геология қоғамының мүшесі.  
7.12.1988 ж. Ухань қаласы.”

12 мая  
на стадионе КазГУ

Айнур КАРГАЛИНОВА

Прошли специальные спортивно-военизированные состязания. Перед зрителями выступили лучшие спортсмены университета и продемонстрировали свою физическую подготовку по акробатике, рукопашному бою. Также провели выступления невоенизированных формирований гражданской обороны факультетов.

Біздің әріптестерден

Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығына байланысты

Қазақтың ұлттық техникалық университетінің металлургия факультетінде бадминтоннан қыздар арасындағы жарыс 8-ші рет өткізілді. Оның жүлдегерлері Наталья Мамедова, Раиса Бименова, Жәмилә Қалисваларды алда басқа да жарыстар күтіп тұр,

Әнді сүйсең менше сүй...

Өткен аптада Алматы технологиялық университетінде әнші-композитор Ескендір Хасанғалиев ағамыздың студенттерге арнаған ән кеші болды.

Университет проректоры О.Н.Налиев құттықтау сөзімен ашқан сырлы сазды кеште сазгер ағаның ел ішіне танымал “Айым болып тудың ба?”, “Әлемі”, “Ауылым”, “Танго”, “Бозторғайым”, т.б. әсем әндерін жұбайы, ұлы және шәкірттері нақышына келтіре орындады. Кеш соңында университеттегі технологиялық факультеттің деканы сазгер ағаға рахметін айтып, үлкен жемістер тіледі.

Жұлдыз АСҚАРБЕКОВА,  
Гүлмира ӘБІШЕВА.



Ұлтай Амангелдіқызы:

## "Ақшалы емес, ақылды абитуриент жеңеді..."

Мектептерде соңғы қонырау соғылды. Арманға толы жүректер лүпіл қақты. Артында орта мектеп. Алдында жоғары оқу ордасы.

Жеткіншектер бала шақтан болашаққа қадам басар сәтте Алматы облысы Қарасай ауданы Таусамалы ауылындағы Б.Соқпақбаев атындағы орта мектептің директоры Ұлтай Амангелдіқызы Бархиноваға жолыққан едік. Ол кісі өз ойын ортаға салды.

Біздің мектеп Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы ғана шаңырақ көтерді де оған балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақпаев есімі берілді.

Алғашқы жылы мұғалімдер саны 28, оқушылар 248 болатын. Қазір жыл сайын бала санының өсуіне орай мұғалімдер саны да көбейді. Мектепте жоғары санатты 6, 1-санатты 15, 2-санатты 12, барлығы 58 мұғалім халықтық педагогика элементтерін пайдалана отырып, оқу-тәрбие үрдісінде балалардың оқу қабілетін дамыту үшін тер төгуде. Бүгінге дейін бітірген 94 түлектің 66-сы жоғарғы және арнаулы оқу орындарында білім алуа.

Мектепте бірнеше әдістемелік-шығармашылық бірлестік бар:

- *бастауыш сынаптар шығармашылық бірлестігі* халық педагогикасының элементтерін сабақта дидактикалық ойын ретінде пайдалана отырып, оқушыларды оқуға үйретумен (жетекшісі Әділбекова Ш.Т.);

- *тіл-әдебиет шығармашылық бірлестігі* ұлттық тәрбие негізінде оқушылардың арнайы білім-білік дағдыларын, сөйлеу қабілетін дамытумен (жетекшісі Идрисова Г.Н.);

- *нақты ғылымдар шығармашылық бірлестігі* оқушылардың ой-өрісін

дамытуға, өз бетімен саналы жұмыс жасау белсенділігін арттырумен (жетекшісі Ермекова Б.Ш.);

- *ғылым негіздері шығармашылық бірлестігі* оқушылардың дүниетаным белсенділігін арттыруда халық педагогикасы элементтерін пайдаланумен (жетекшісі Қозыбақова А.Е.);

- *сымбат - дене шығармашылық бірлестігі* оқушыларды ізгілікке, мәдениеттілікке, әсемділікке, салауаттылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің пәрменділігін арттыруда ұлттық салт-дәстүрді пайдаланумен (жетекшісі Алимходжаев Б.К.) айналысады.

Сонымен бірге бұл мектепте оқушыларға этикалық-эстетикалық тәрбие беретін халық аспаптар, би, күрес, қолөнер, сурет, термешілік-жыршылық үйірмелері жұмыс істейді. Оқушылардың бойындағы сөз өнеріне деген талабы мен бойындағы талантын жетілдіруді мақсат тұтқан "Жас қалам" әдеби-шығармашылық бірлестігі (жетекшісі С.Медеубекұлы) бүгінде бұқаралық-ақпарат құралдарымен тығыз байланыста. Биылғы жылғы оқушылардың жалпы саны 752, олардың 200-і озат, 250-і екпінді. Бір бөлме компьютерлендірілген.

Мектеп бітіруші түлектеріміздің жоғары оқу орындарына баруға деген



Мектеп директоры Ұ.А.Бархинова түлектерге сәт-сапар тіледі.

талпынысы үлкен. Соңғы жарияланған оқуға қабылдау ережесі ұстаздарды да, оқушыларды да ойландырып тастады. Қалыптасқан қабылдау тәртіптері өзгерді. Сондықтан да біздің мектепке көптеген жоғары оқу орындарынан оқытушылар келіп, жарты сағат үгіт-насихат жүргізеді де кетеді. Бұл да дұрыс шығар. Бірақ, ендігі кезекте балаларды оқуға тарту жұмысын қыркүйектің бірінен бастаған жөн. Балалардың қабілетіне, мүмкіндігіне қарай мамандық таңдауға жәрдемдесіп, олардың ертең оқуға түсуіне жеңілдік болатындай үгіт-насихат жұмыстары мен тартымды шараларды студенттермен бірлесе жүргізген әлдеқайда пайдалы деп білемін. Оқудың ақылы болуы түптің түбінде ақылдыларды ғана іріктеп шығатыны сөзсіз. Ата-ана өз баласын ақша суюуге емес, білімді болуға үйрете бастайды. Соның нәтижесінде ақшалы емес, ақылды абитуриент жеңеді.

Өз тілшіміз.

## День славянской письменности - день любви

Великая страсть, которая сопровождает человека с детских лет до глубокой старости - это непреходящая страсть к чтению. Не ослабевает интерес к древней славянской письменности и сейчас, на пороге XXI века. История возникновения славянской письменной культуры не оставляет равнодушными и нас, молодых, тех, кто хочет соприкоснуться с сокровищами нашей духовности, с истоками

нашего языка. Ежегодно эту дату празднуют 24 мая, как "День славянской культуры и письменности". Этот праздник связан с именами Константина и Мефодий, которые заложили фундамент письменной культуры славян.

Для Казахстана - День славянской письменности актуален, поскольку в основу казахского алфавита положена кириллица в ее

### К КНИГАМ

трансформированном виде. В Казахстане и во многих других государствах этот день отмечается очень широко.

Начиная с 20 мая во многих вузах, колледжах, школах устраиваются различные карнавалы и литературные вечера. И всех, кто участвует в этом празднике, объединяет любовь к книге, интерес к прошлому своего и других

народов.

На филологическом факультете этот праздник проводят студенты 1 курса под руководством преподавателей кафедры общего языкознания, русской филологии, русской и зарубежной литературы.

Надолго запоминается этот день всем, кто любит книги.

Лора ЕНИНА,  
ученица 11 класса школы №56.

## Танылмаған ағартушы ақын



**Зейнолла САЛҚЫНБАЕВ,**  
филология факультетінің  
2 курс магистранты.

XIX ғасырдың бізге жеткен мұрағаттарын зерттеп, зерделеп болдық дей алмаймыз. Әлі де зерттеу нысаны болудан тыс қалып, кезінде идеология құрбандығы болған ақындар қатарында Кашафутдин Шахмарданұлы да бар.

Кашафутдиннің әр түрлі сипатта жазылған отызға жуық еңбегі белгілі. Булардың бәрі ұлттық кітапхана мен академия кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы. Қарібі - араб таңбасында. Шығыстық сюжеттегі кысса-дастандарды өзінше жырлап, қазақ танымына ыңғайлаған автор еңбегі елеулі. Сондай-ақ бірнеше төл туындылар туғызған қаламгер.

Кашафутдин творчествосындағы ең шоқтығы биік шығармасы - "Манзурат". Еңбек, негізінен, ақыл, өсиет, тәрбие беру мақсатында жазылған. Көлемі - 15 бет.

"Жігіттік", "Байлар туралы", "Қонақ куту", "Кіші көңілді болмақ", "Сабыр түбі - сары алтын", "Жоғары кісі", "Молдалар", "Жер", "Пайғамбарлар", "Жақсы бала" сияқты бірнеше бөлімдерден тұрады. Әрбір бөлім парасат пен ғалауатты, білімділік пен білімсіздікті салыстырып, жақсы мен жаманның ара жігін ашып, оқырманға қалай жүріп-тұруы керек екенін айтып, түзу жолға бағыттайды.

Өз заманының озық ойлы, діндар адамы болғандықтан, шығарманың қай бөлімін алсақ та, өлеңнің басталуы тақырыпқа орайласып жырланады да, кейін Алланың күдіреттілігін айтып, құранның хадистерінен мысалдар келтіріп, тозақ отының қандай болатынын сипаттай келіп, егер түзу жолдан тайса, сол отқа түсіп шығарылатынын айтып, оқушысын қорқытады.

Жігіттік уағында ойнап-күл, оны бағала, бірақ біреуге обал жасама, әр ісінде адал бол, өзгеден артықпын деп қиянат қылма, оның бәрі мәңгілік емес деген сияқты өсиетті "Жігіттік" бөлімінде түсіндіре жазды.

*Еш кісіге қиянат, залымдықпен сөз  
айтпағын,*

*Егер кісі саған айтса, жалтарғын.*

*Айтпа менің бетім сұлу кісі деп,*

*Кетіп қалар алты-ақ күнде ол сенен.*

Өлең бұдан әрі Құдай жолына уағызбен жалғасады, адамдарды еңбек етуге шақырып, жалқаулар тозақ отына күйетінін, оның қандай ауыр екенін сендіре жырлап, оқушысын имандылыққа үндейді.

*Өзінді түзу ұста кісіге ұқсап,  
Жаратқан Алладан тартпағын бас.  
Егер болса белгісі сенде ерлік,  
Ғибадат қыл аллаға пенде дерлік.*

Кашафутдиннің "Сабыр түбі - сары алтын" деген өлеңінде басына әр түрлі іс түскенде сабырынды жоғалтпа, ойынды ашуға жеңгізбе дей келіп, бұл өмірде жақсыларды көре алмайтындар көп екенін, оларды көрсеткісі келмейтінін айтады да, оның бәрін таразылайтын келер ұрпақ деп философиялық тұжырымдар жасайды.

*Тағы шөптер бұл жерден бас көтерер,  
Осы айтқандай көрден бізді қопарар,  
Ғұмырды мен байқасам ұқсар желге,  
Байқап мұны қараса керек елге.*

Шығармадағы бөлімдердің ішіндегі көлемдісі - "Пайғамбарлар". Онда Адам ата пайғамбардан бастап, Ыдырыс, Нұк, Салық, Ибраһим, Исмағұл, Ысқақ, Лұтқа, Жақып, Жүсіп, Мұса, Мағип, Жүніс, Илмас, Дәуіт, Сүлеймен, Закария, Яхил, Ғайса, Зулфқар, Ғазир, Зулқарнайын, Мухаммед пайғамбарға дейін жырлайды. Олардың қашан өмір сүргенін, қандай ғажайып істер жасағанын, қай жерде тұрғанын, қанша жаста өлгенін, қалай өлгенін, т.б. жайында деректер беріп, оқушы танымына лайықтап жеткізе жырлайды.

Қорыта айтқанда ағартушылық бағытта еңбек етіп, қазақ әдебиетіндегі ағартушылық бағыттағы, діни сипаттағы әдеби үлгілердің дамуына өзінше үлес қосып, көптеген кысса-дастандар туғызған К.Шахмарданұлы да қазақ әдебиеті тарихынан өзіне лайықты орын алуға лайық деп пайымдаймыз.

### Мнение

## Мысли о Наурызе

Назым ЕСКУАТОВА.

Вот и прошел такой долгожданный Наурыз Мейрамы - наш исконный праздник - Новый год. Этот прекрасный древнейший Наурыз таинственен и неординарен одновременно. Ведь он связан с историей человеческой цивилизации и с Космосом. О нем написаны горы литературы. Его считают прообразом самого древнейшего Нового года, а прототипом современно Деда Мороза и Санта Клауса - Кыдыр Ату. Ведь его тоже по традиции встречают в 3 часа ночи с 21 апреля на 22-ое, после его прихода Новый год считается уже наступившим. Теперь мы в день Наурыза отдыхаем, празднуем.

Но мне хочется немного поговорить о празднике Наурыза который прошел в нашем КазГУ.

Ладно, многие были согласны с тем, что отложили празднование до наступления тепла, многим понравился концерт, шахматные, теннисные соревнования, книжные выставки...

Но в две юрты, двери которых постоянно были на запоре, доступ студентам был воспрещен...

Была организована распродажа, но, согласитесь, по высоким ценам, не всегда доступным студенческому люду.

